

FTAMP 15.41.47

<https://doi.org/10.51889/2021-2.2077-6861.28>

А.Д.БОЛКЕНБАЕВА^{1*}, З.ЕРТИСОВА²

¹Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды, Қазақстан)

²«Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназия» КММ (Қарағанды обл., Қазақстан),
 eldar4ik_07@mail.ru*

О.БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» ПОВЕСІНДЕГІ АДАМНЫҢ ЭКЗИСТЕНЦИАЛДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Ғылыми мақалада қазіргі қоғамда да өзектілігін жоғалтпаған экзистенциализм мәселесі қозғалған. Көптеген ғалымдардың зерттеу негізіндегі ғылыми пікірлері талқыланып, экзистенциализмге берілген психологиялық сипаттама мен оның басты ұғымдары талданған. Ғылым мен экзистенциализмнің ара қатынасын ашып, экзистенциалистердің: «Ғылыми тұрғыдан адамның болмысына үнілуге болмайды», – деген тұжырымдамаларын қазақ жазушысы О.Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау арқылы дәлелмен толықтырған. Экзистенциалист адамның болмысын ғылыми тұрғыдан зерттеп көруге болмаса да, шығармадағы экзистенциалист кейіпкерлердің іс-әрекеттерін ғылыми түрде топтастырған, образдардың психологиялық ойлау бірізділігін көрсеткен. Образдардың қоғамды жатсынып, оны қабылдамай, өз әлемдерінде өмір сүруі – күрделі психологиялық үдеріс екендігіне тоқталған. Бұл мәселенің шешу жолдарын кейіпкерлердің әрекетін талдай отырып, табуға тырысқан. Мақаланың ғылыми негізі де осында. Экзистенциализм адам өмірінің екі түрін қарастырады: жалған және шын. Алғашқысына адамның күнделікті тіршілігін, ал кейінгісіне оның әлеуметтік қатынастардан қол үзіп, ешкімге тәуелсіз, ішкі табиғатын тыңдап өмір сүруі жатады. Автор мақаласында бұл мәселенің шешу жолы рухани байлықта екенін дәлелдеуге тырысқан.

Түйін сөздер: экзистенциализм; адам; жалғыздық; қоғам; психология.

Кіріспе. Жер бетіндегі ең жоғары сатыдағы тіршілік иесі – адам. Ол жан мен тәннен құралады. Тән – уақытша киген киім іспеттес. Ескіреді, тозады. Ал жан – рухани азық. Ол киім сияқты ескірмей, керісінше, жаңарып, толығып отыруы керек. Адам жаны рухани азықтанып отырғанда ғана шаршамайды, әлсіремейді. Керісінше, қуаттанады, дамиды, өрлейді «Адамның басқа тіршілік иелерінен айырмашылығы да осында. Адамматериалдық болмысқа хайуанат дүниесіне қарағанда әлдеқайда тәуелсіз. Сондықтан оның өмірлік мақсаттарға жету мүмкіндігі мол» [1].

Жан рухани азық арқылы нәрленіп, қуаттанып, толығып отырады. Даму барысында оның ерекшеліктері таныла бастайды. Рухани тұрғыда нәрленген тұлғаның бар болмысы кемелденіп тұрады. Ал жан мен тән үйлеспеуі, тән жанның қалауынан рақат алмауы, рухани азық танбауы бұл күрделі мәселе. Өкінішке орай, қоғамда бар проблема. Сондықтан мақалада қарастырылатын тақырып өте өзекті.

Біз қарастырып отырған қазақ жазушысы О.Бөкейдің «Атаукере» повесінде осы мәселе ерекше орын алған. Кейіпкерлердің қоғамды жатсынып, оны қабылдамай, өз әлемдерінде өмір сүруі – күрделі психологиялық үдеріс. Бұны ғылымда экзистенциализм деп атайды.

Кезінде Ж.Баласағұн: «Құт дарыған елдің адамы қандай болмақ?» деген сауалға: «...Құт қасиетті адамға ғана қонады. Құтты іздеген адам жібек мінезді, көңілі таза, өнерлі, тілі көркем де майда, жігерлі болып, үлкенге құрмет, кішіге мейірімін төгіп, араз көңілді тыйып ұстайды, осы қасиеттер – құтты ұстаудың құлып-кісені» деп жауап қайырған екен [2, 67 б.].

Енді шығармаға қарай ойысайық. Шығармадағы басты кейіпкерлердің бірі – Айна. Ол жібек мінезді, көңілі таза, өнерлі де, тілі көркем әрі майда, жігерлі (себебі Еріктей адаммен бір шаңырақта өмір сүріп келеді), үлкенге құрмет, кішіге мейірімін төге біледі, араз көңілді тыйып ұстайды да. Алайда Айна – экзистенциалист. Неге?

Осы орайда С.Е.Нұрмұратовтың диссертациялық еңбегіндегі қарастырылған мәселені мысалға келтіретін болсақ: «Жалпы руханилық құбылысы бірнеше іргелі салалардың бір-бірімен тығыз байланысынан өрбиді, түзеледі» деп, солардың негізгілері ретінде – білімдік негіз, имандылық негіз, моральдік тағылымдық негіз, эстетикалық негіз, психологиялық негіз, өнерлік негіз, шығармашылық негіз салаларына сипаттама береді [3, 34 б.]. Бұдан шығатын қорытынды экзистенциалистерге осы аталған салалардың рухани арнада тоғысуы жетпейді. Осы тұрғыда кейіпкерлердің бірізді іс-әрекеттерін топтастырып, мәселенің шешу жолдарын табуға тырысамыз. Мақаланың ғылыми негізі деосында.

Ғылыми мақаланың мақсаты: Әдебиет - өмір айнасы. Ол қоғамдағы шындықты ақиқатымен сипаттай алады. Аталған шығармадағы экзистенциализм мәселесінің қоғамда бары анық. Экзистенциалистер ғылыми тұрғыдан адамның болмысына үнілу мүмкіндігінің болмайтындығын дәлелдейді. Олар адам өмірінің екі түрін қарастырады: жалған және шын. Алғашқысына адамның күнделікті тіршілігін, ал кейінгісіне оның әлеуметтік қатынастардан қол үзіп, ешкімге тәуелсіз, ішкі табиғатын тыңдап өмір сүруін айтады. Яғни қоғамды жатсына отырып, өз өмірін «қоршауда» ұстау дегенмен парпар. Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі кейіпкерлердің психологиясын, іс-әрекетінің бірізділігін ғылыми тұрғыдан топтастырып талдауға болатындығын көрсетіп, аталған мәселенің кейбір шешу жолдарын ұсынбақшымыз. Мақаланы жазу барысында қолданылған әдіс-тәсілдер: сипаттау, контекстік талдау, талдау, жинақтау, индуктивтік, дедуктивтік әдістер және бағалау.

Негізгі бөлім. Шығарманың кейіпкерлерінің бірі – Нюра Фадеевна, ұлты – орыс, Қандауыр деген қазақ жігітіне тұрмысқа шыққаны үшін ата-анасымен араздасып кеткен, мұсылман дінін қабылдап, намаз оқып, ораза ұстап, ауылдың аяулы келіні атанған қазақ ұлтының келіні. Кейінірек ашаршылықкезінде екі қызынан, Ұлы Отан

соғысы кезінде жолдасынан айырылған. Келіні Айнаны ерекше түсініп, қамқорлығын да, мейірімін де аямайтын ана. Еліне оралуды армандайтын, алайда ұлына қарсы келе алмайтын ана Ерік – Нюра Фадеевнаның жалғыз ұлы. Оқыған, омарташы, мінезі қатігез адам. Өзінікі ғана дұрыс деп білетін, өзгенің пікірін қаперіне де ілмейтін өзімшіл. Айна - Еріктің жары. Сабырлы, ибалы да инабатты нағыз қазақ келіні. Күйеуінің айтқанынан шықпайтын, өз ойын айту құқығынан ерте айырылған нәзік ару. Нюра Фадеевна, Ерік, Айна – бір отбасы. Кәсіптері – омарташылық. Ауданнан өте шалғай тұста жападан жалғыз үйде тұрады. Таған – кезінде жігіттің сұлтаны болған. Қазірде маскүнем. Нағыз ғалым боларлық тұлға, алайда ішімдікке салынып кеткен, отбасынан айырылған, жалғыз қалған. Еріктің студент кезіндегі «жолдасы». Мейірімді, ақкөңіл, терең білімді азамат.

«Неге біз осы?» философиялық ойлардың авторы. Талғамы жоғары, рухани азыққа бай азамат.

Әдістер. Шығармадағы экзистенциализм түсінікті болу үшін оның фабуласына тоқталсақ: Бірде Ерік үйдің маңында құлапжатқан Тағанды танып, маскүнемдігін пайдаланбақшы болып, үйіне ертіп әкеледі. Бір кезде өзінен тым биікте тұрған, ғылым мен білімде қатарластарына дес бермеген аспирант кластасы Тағанның араққа ғана жеңіліп, алқаш атанып, ендігі бір жұтым сыра үшін мұның құлы болуға дайын екендігін көргенде төбесі көкке жеткендей қуануы да сондықтан. Оны өмір бойы құлдықта ұстауды ойлайды. Кек алмақшы.

Тағанның «маскүнемдік» деп аталатын алыптордан босап шығуына Нюра Фадеевна мен Айна ықпал етеді. Олар Тағанға отбасы жылулығын сыйлайды. Еш жерден мұндай жылулықты көрмеген «маскүнем» біртіндеп түзеле бастайды.

Өмірге деген көзқарасы оңалып, арақсыз да тәп-тәуір ғұмыр кешуге болатынын ұғады. Шығарма соңында Нюра Фадеевнаны ара шағып, содан қайтыс болады. Бірақ соңғы демін шоқынып барып тапсырады. Ең қызықты жері де осы. Өмір бойы мұсылманмын деп жүрген ана соңғы демін

шоқынып барып тапсырады. Ал Таған мен Айна бірге кетеді. Ал Ерік көз жұмады.

Повестегі кейіпкерлердің бәрі – жалғыз. Фадеевна – еріксіз жалғыз ұлына еріп, елінен кеткен адам. «Жалғыздықтан әлі күнге құтыла алмай қор болдым-ау», – деп күрсінеді де Нюра-кемпір повесте [4, 155 б.]. Ал Ерік: «Жалғыз ұлын осыншалық жек көретін ананы көрсемші. Құдай-ау, менің жазығым не? Үстінен құс ұшырдым ба? Тамақтан, киер киімнен тарықты ма? Екі сөзінің бірінде «ел, ауыл» деп, зарлайды да отырады», – деп есептейді [4, 109 б.]. Айна да Еріктің етегіне еріп, жалғызсырап жүрген образ. Таған – өмірмен, қираған қоғаммен, дүбірлі дүние заңдылықтарымен күресіп жүрген адам. Ол да қоғамнан безеді, жатсынады. Жүрек қалауы басқа болғандықтан, олда еріксіз елден, қоғамнан кеткен. Әркім өзі үшін, тек өзі үшін тіршілік етеді.

Қомақты қоғам, дүбірлі дәуірден өгейси көшіп, өз қотырын өзі қасыған оқшау кәсіптері бар әрқайсысының. Мысалы: Еріктің кәсібі – омарташылық, Тағандікі – «маскүнемдік», шалдікі – аңшылық. Олар мына былық-шылығы мол дүниеден басқаны іздейді, күйбің тіршіліктің қамытын киіп, пендешіліктің құлына айналған ортаға сыймайды. Осылайша Оралхан Бөкей қоғам мен оның субъектісі, жеке адамның арасындағы қатынастарды терең талдайды. Жеке тағдыр иелерінің жан әлеміне, мақсат-тілегіне, ой-пікіріне ене отырып, олардың қоғамды жат-сынуынан құрайтын жүйесіне, оның дамусырына баға беруге талпынады. Қоғамнан безіп, өз әлемдерін құрған жандардың өмірін ортаға салу арқылы үлкен мәселенің ұшын шығарады. Әрі оқырманға өзіндік көзқарас қалыптастыруға шақырғандай.

Пікір алмасу. Экзистенциализм бойынша, адам дүниені өзгертпейді, тек оған деген қатынасын өзгертеді. Болашаққа сенімсіздік, ертеңгі күннен, тұрақсыздықтан үрейлену, өмір алдындағы қорқыныш – экзистенциализмнің басты ұғымы [5].

Экзистенциализмның негізгі өкілдері: М.Хайдеггер, К.Ясперс, Н.А.Бердяев, Ж.П.Сартр, Г.Марсель, А.Камю, сондай-ақ олардың идеялық қолдаушылары: Августин, Ф.Шеллинг, С.Кьеркогор, А.Шопенгауэр, Ф.М.Достоевский, Ф.Ницше, В.Франкл [6].

В.Франкл бұл мәселені адамның өзінің өмірінің мағынасын жоғалтып алуы немесе рухани құлазу деп түсіндірсе, А.Камю өмірдің мәнсіздігі мен жетілмегендігіне көнбеу керек, қарсы тұру керектігін айтады. Г.Марсель болса, экзистенциализм шынайы болмысты танудан, яғни тұлғалық болмыстан тарайтынын дәлелдегісі келсе, Ж.П.Сартр адам баласы басқа адам үшін де жауапты болу керек екендігін және адам өзін түсінген кезде ғана өзгені ұғынатынын кесіп айтқан. С.Кьеркогор болса, экзистенциализм мәселесі төңірегінде адамның өзі өз өмірінің себепкері болғандықтан, өз жүгін өзі арқалау керек екендігін атап өткен. Ғалымдардың пікірін сараптай келе және О.Бөкейдің

«Атау кере» повесіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетін талдай келе, біз экзистенциализмге ұшыраған адам – рухани қайшылыққа душар болған адам деген қорытындығы келдік. Себебі экзистенциализмге берілген ғылыми негізгі белгілер мынадай:

1. Қандай да болмасын білімнің көзі адамның нақты болмысын талдаудан басталады. Адам болмысы – жалғыз ақиқат.

2. Адам өзінің жекелік мақсатына ұмтылу барысында ғана өз табиғатына үңіледі. Өмір сүру, өзінді-өзін қалыптастыру, өзінді-өзін ғана талдау. Қандай да болмасын ортақ мақсат пен жалпы мүдделіктен бөлек болады. Адамның жекелік болмысы ғана оны абсурдтық әлем, абсурдтық өмірден құтқарады.

3. Адам өзінің күнделікте өмірде өзін экзистенциалист ретінде, яғни нақтықайталанбайтын тұлға екенін сезіне бермейді. Ол үшін шекаралық ситуация, өліммен бетпелу керек. Сонда ғана өзінің «жападан жалғыздығының» сыртқы әлеммен сәйкессіздігін түсіне алады [7, 21 б.]

Повесте Айна да, Таған да осындай күйге ұшырайды. «Айна орманға бет ала бергенін-

де шарбақтың ағаш дiңгегiне жiп байлап мойнына тұзақтап салып, жанталаса шегiнген Тағанды көрдi» [4, 147 б.]. Бұл – Тағанның өз-өзiне қол жұмсағандағысы. Осыған ұқсас Айнаның жан күйзелiсiн де аңғарамыз. «Қатын суына қарай тұра жүгiрдi. Жүгiрген бойы екпiнiн бәсеңдетпестен жарқабақтансуға секiрдi.. [4, 201 б.].

Айнаның түңiлуi ренiштен, өкпеден, ызадан, көңiл толмаушылықтан болып отыр.

К.Ясперстiң пiкiрiнше, «Өлiм, қи-налу, үрей, айыптылық, күрес, дiни экстаз, руханиауру адамның өмiр шектерiне жатады. Тек осы минуттарда ғана адам өзiнiң нағыз өмiр сүру деңгейiн (өзiнiң табиғатын) ұғынады, ал кәдiмгi уақытта олар кәдiмгi болмыстың күнделiктi, тiкелей болуы арқылы жасырынып жатады» [7, 9 б.]

Таған да, Айна да осы кейiште көрiнедi. Бұл көтерiлген жатсыну мәселесiнiң идеясы қоғамды жатсынып жүрген Айнаның: «Бұл жалғанда сенерiң, сүйенерiң, құтқарарың, қол ұшын берерiң болғанға не жетсiн!» – деген сөзiмен және Тағанның: «Бұл дүниеде қашып тығылатын жерiң, сыбырласар сырласың, еркелетер елiң болғанға не жетсiн. Халықпен қақтығысып жүргенге не жетсiн!» [4, 119 б.], – деген ойымен берiледi. «Ол өмiр мен өлiм арасында қалу, үрей мен алаңдау. Тек өмiрiне қауiп төнген жағдайда ғана, жан дүниесi терең сiлкiнiске ұшырағанда, «өмiрде болу» сезiмiнiң негiзiнде адам тез жетiлiп, өз өмiрiнiң ерекше қайталанайтын мәнiн ашады» [8].

Бiздiңше, қоғамнан қалыс қалып қоймау үшiн, қалып қойған жағдайда қатарға қосылу үшiн, ең әуелi, адам өзiн жеңу керек. Өз-өзiмен күресу арқылы қоғамды қабылдауға болады. Өз көзқарасың мен қоғам талабын үйлестiруге болады.

Автор Нүркенiң өзiнiң өткен ғұмырында, өз-өзiн «қазақпын» деп нандырып жүргенде, оның iшкi табиғатының жерсiнбеуiн көрсетедi. Яғни сыртқы iс-әрекетiнде қазақ болып көрiнгенiмен, iшкi әлемде өз ұлтының сенiмiмен өмiр сүрiп келе жатқанын автор повестiң мәресiнде бередi. Осы күй оны iшкi тартысқа түсi-

редi. Араға таланған Нүрке өмiр мен өлiм арасындағы тайталас тұста, ақтық сәтiнде шоқынады: «Нюра екi саусағын бiрiктiрiп алды да шоқына бастады. Түптiң түбiнде ана сүтiмен рухына сiңген сенiм бәрiбiр жеңiп шықты» [4, 200 б.].

Сарысандықтан көнетоз иконның шығуы Нүрке табиғатын шынайландыра түседi. Кемпiрдiң жүрегiнде, яғни сыр сандығында жатқан сенiм мен сары сандықтың түбiнде жатқан икон мезгiлi жеткенде сыртқа шықты. Түптiң түбiнде адам болмысының шынайы табиғаты, сенiмi бәрiбiр жеңiп шықты. Кең аядан келсек ұлт өзiнiң түбiрiнен кете алмайды. Әрбiр ұлт өзiнiң ұлттық тамырынан нәр алуы керек. Қазақи болмысымыздан қашып, өзге ұлтқа елiктеп жатсақ та, бiздiң айналып келер түп қазығымыз – қазақылық. Автор осы идеяны ұстанғандай.

Нәтижелер. Повесте автор Нүрке кемпiрдiң ажалын аралардан келтiредi. Яғни түбiне басқа емес, ара жетедi. Бұнда үлкен идеялық астар жатыр. Ал өз ұлы да араға, соның iшiнде мазасыз да, пайдасыз сонаға айналып кетiп, мәңгiлiкке көз жұмады. Символ арқылы берiлген бұл жердiң де өзiндiк астары мен сырлары бар. Өздерi кәсiп еткен «ара» өздерiнiң түбiне жетедi. Неге?

Ойлануға тұрарлық дүние. Екi бiрдей ара бар бұл тұста: көптен безiп, жалғыздыққа жiпсiз байланып, елiн, жұртын аңсаған ана арманын орындамаған адам - ара мен табиғи ара. Адам-ара Нүрке кемпiрдiң жанын өлтiрсе, табиғи ара тәнiн өлтiредi. Екеуiнiң әрекетi бiр. Өлтiрдi. Ал статустары бөлек.

Автор шығарма басында эпиграф етiп бередi: «Ара жасаған қоғамға жету әлдеқайда қиын». «Кiмге ара жасаған қоғамға жету әлдеқайда қиын?» дегенде, логикамыз бiрден: «Адамға!» - деп жауап бередi. Неге? Сонымен, қазақтың «Көптен көрген – ұлы-той», «Көптен кеткен көмусiз қалар», «Жалғыздың үнi шықпас», «Тұяғы жоқтың иманы жоқ» деген нақылдарының жаны бар деген қорытындыға келдiк [9].

Повестiң екiншi атауы – «Қауiптi будан». Шығармадағы әр кейiпкер - «қауiптi будан»

(Айнадан басқа). Әрқайсы адам мен қоғамға, халық құндылықтарына қауіп төндіріп тұр емес пе? Таған – маскүнемдігімен, Ерік – қара басын ғана ойлауымен, Нюра өзін де, өзгені де алдауымен... Яғни кім де болса ұлттық құндылықтардың жойылып кету қаупін төндіріп тұр.

Қорытынды. Адам мінезі мен денсаулық арасындағы байланыс ежелден ғылыми қызығушылықтудыруда [10, 213 б.]. Мінездегі тұрақтылық пен оптимистік көзқарас стресстік жағдайлармен сәтті қарсыласуға ықпал етеді [11, 272 б.], ал басқалары, мысалы, интроверсия, нейротизацияның жоғары деңгейі, керісінше, әртүрлі аурулардың болжаушылары ретінде әрекет ететіндігі көрсетілген [12, 287 б.]. О.Бөкей «адамның басына түскен ауыртпаушылықты терең ой, көркем тілмен» [8] суреттеген. Автор шығарманы оқиға желісіне орайлатып емес, адамзатқа тән рухани аштық пен жалғыздыққа бағыттаған [13].

Сондықтан адам адаммен АДАМ, қоғаммен АДАМ, қарым-қатынаспен АДАМ. Адам қарым-қатынас жасаған кезде ғана күйзеліске түспейді, жаман ойлардан аулақ болады. Сондықтан қоғамды жатсынуға болмайды. Көркем мінезді болуға тырысу керек. Абайдың «толық адам» формуласы, Шәкәрімнің «ар ілімінің» осы тұста қанадай маңызды екенін түсінуге болады. Оралхан Бөкей «Атау кере» повесінде көзбен көріп, жанымен сезініп отырған өз уақытының рухани дағдарыстарына, қазақ үшін қайырсыз болған қасіретті тұстарына қайырылып отырып, тау арасындағы оқшау өміріне дән риза омарташы Еріктің, оның сұлу да, сырлы келіншегі Айнаның, анасы Нюраның, кездейсоқ келіп қосылған кешегі ержігіт – бүгінгі еңсесі түскен Тағанның тағдыр сырлары, әрекет аңсарлары ауқымында көркемдік кеңістікке алып шыққан. Өзекті мәселенің бетін ашып, талдап, даралап, жіктеп көрсеткен. Қоғамдағы экзистенциализм мәселесімен бетпе-бетдеге-

німіз - ұлттық келіп, адам мәселесіне үңіле отырып, ұлттық кодты сақтау жолдарын көрсетіп тұрғандай. Ұлттық кодты сақтау болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету дегенсөз. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жана құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру дегенді айғақтайды. Солардың қатарындағы рухани құндылықтар ретіндегі ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін бағалай білу, әлемге таныстыру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі маңыздыорынға ие [14].

Денсаулық түсінігі адамның кәсіби ортамен күрделі қарым-қатынасын біріктіреді және кәсіби қызмет жағдайындағы қоғамның әлеуметтік қажеттіліктері мен адамның мүмкіндіктерінің сәйкестігінің өлшемі болып табылады [15].

Сондықтан қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа сай жас ұрпақтың ой-өрісін дамытып, танымдық іс-әрекетін қалыптастырып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігі жетілдірілген, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы – рухани тәрбие беру. Жан дүниенің азығы «интеллект» емес, оны қаруландырып, қуаттандырып, жан дандырып тұратын азық – рухани байлық. Кеңдік, мейірімділік, кішіпейілділік, парыз бен қарызға ден қою, ар мен ұят, обал мен сауап жайлы ұмытпау аса маңызды. Қазақ жазушысы Оралхан Бөкейдің алға қойған мақсаты да осы. Экзистенциализмді жеңу жолы – қарым-қатынас пен рухани азық. Ба-стысы, адам өмірде өзін және өмірінің мәнін жоғалтып алмау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Саналы адам [Электрондық ресурс]: URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/> (өтінім берілген күні: 16.12.2020).

- [2] Қыраубаева А. Құтты білік – кемел мемлекеттің құрылымы //Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2019. – № 18(78). – 250 б.
- [3] Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (Әлеуметтік- философиялық талдау) //Мамандық 09.00.11 – Әлеуметтік философия. Философия ғылымдары: д-ры ...дисс. – Алматы, 2000. – 34 б.
- [4] Бөкей О. Атау кере. – А.: Алматы кітап, 2018. – 303 б.
- [5] Танымның сезімдік формасы [Электрондық ресурс]: URL: <https://stud.kz/referat/show/84711> (өтінім берілген күні: 20.12.2020).
- [6] Экзистенциализм. Экзистенциальная философия Кьеркегора, Ясперса, Сартра, Камю, Хайдеггера [Электрондық ресурс]: URL: <https://studfilosed.ru/> (өтінім берілген күні: 20.12.2020).
- [7] Экзистенциализм. Философия существования. – 1999 [Электрондық ресурс]: URL: <http://www.solecity.ru/> (өтінім берілген күні: 21.12.2020).
- [8] Экзистенциализм – рухани қайшылықтар философиясы [Электрондық ресурс]: URL: <https://stud.kz/referat/show/88881#&gid=1&pid=4> (өтінім берілген күні: 21.12.2020).
- [9] Мақал-мәтелдер [Электрондықресурс]: URL: https://balakai.kz/makal_matelder/315-adamny-m-tu-aly.html (өтінім берілген күні: 12.12.2020).
- [10] Тапалова О.Б., Бурлачук Л.Ф., Жиенбаева Н.Б. Связь мотивации достижения с личностными факторами при невротических расстройствах //Современная психодиагностика России. Преодоление кризиса: Сборник материалов III Всероссийской конференции по психологической диагностике. – Челябинск: ЮУрГУ, 2015. – Т.1. – С.35-44.
- [11] Тарабрина Н.В. Практикум по психологии посттравматического стресса – СПб: Питер, 2001. – 272 с.
- [12] Хорни К. Невротическая личность нашего времени. – М., 2012. – 287 с.
- [13] О.Бөкейдің «Атау кере» шығармасын жан-жақты талдау. – 25.10.2016 [Электрондық ресурс]: URL: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasy/41676/ (өтінім берілген күні: 22.12.2020).
- [14] Меңдаяқова Қ.М., Абдиганиева Ә.Т. Медиа білім берудің мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы маңызы //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы: Педагогика ғылымдары сериясы – 2018. – № 1(57). – Б.244-249.
- [15] Аплашова А.Ж., Ауталипова У.И., Демиденко Р.Н. Эмоциялы қажу синдромы психологтың іс-әрекетіне байланысты фактор ретінде //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы: Педагогика ғылымдары сериясы – 2017. – № 4(33). – Б.229-248.

Referenses

- [1] Sanaly adam [Elektrondyk resurs]: URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/> (otinin berilgen kuni: 16.12.2020).
- [2] Kuraubaeva A. Kutty bilik – kemel memlekettin kurylymy //Anyz adam: Zhuldyzdar otbasy. – 2019. – № 18(78). – 250 b.
- [3] Nurmuratov S.E. Ruhani kundylyktardyn kalyptasuy men damuy (Aleumettik- filosofiyalyk taldau) // Mamandyk 09.00.11 – Aleumettik filosofiya. Filosofiya gylymdarynyn d-ry ...dissertaciya. – Almaty, 2000. – 34 b.
- [4] Bokej O. Atau kere. – A.: Almatykitap, 2018. - 303 b.
- [5] Tanymnyn sezimdik formasy [Elektrondyk resurs]: URL: <https://stud.kz/referat/show/84711> (otinin berilgen kuni: 20.12.2020).
- [6] Ekzistencializm. Ekzistencial'naya filosofiya K'erkegora, Yaspersa, Sartra, Kamyu, Hajdeggera [Elektrondyk resurs]: URL: <https://studfilosed.ru/> (otinin berilgen kuni: 20.12.2020).
- [7] Ekzistencializm. Filosofiya sushchestvovaniya. – 1999 [Elektrondyk resurs]: URL: <http://www.solecity.ru/> (otinin berilgen kuni: 21.12.2020).
- [8] Ekzistencializm – ruhani qajshylyktar filosofiyasy [Elektrondyk resurs]: URL: <https://stud.kz/referat/show/88881#&gid=1&pid=4> (otinin berilgen kuni: 21.12.2020).
- [9] Makal-matelder. [Elektrondyk resurs]: URL: https://balakai.kz/makal_matelder/315-adamny-m-tu-aly.html (otinin berilgen kuni: 12.12.2020).
- [10] Tapalova O.B., Burlachuk L.F., Zhienbaeva N.B. Svyaz' motivacii dostizheniya s lichnostnymi faktorami pri nevroticheskikh rasstrojstvah //Sovremennaya psihodiagnostika Rossii. Preodolenie krizisa: Sbornik materialov III Vserossijskoj konferencii po psihologicheskoy diagnostike. – Chelyabinsk: YuUrGU, 2015. – Т.1. – С.35-44.

- [11] Tarabrina N.V. Praktikum po psihologii posttravmaticheskogo stressa – SPb: Piter, 2001. – 272s.
[12] Horni K. Nevroticheskaya lichnost' nashego vremeni. – M., 2012. – 287 s.
[13] .Bokejdin «Atau kere» shygarmasyn zhan-zhakty taldau. – 25.10.2016 [Elektrondyk resurs]: URL: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyrmasyi/41676/ (otinin berilgen kuni: 22.12.2020).
[14] Mendayakova K.M., Abdiganieva A.T. Media bilim berudin mektep zhasyna dejingi balalardyn tanyndyk belsendiligin arttyrudagy manyzy //Abaj atyndagy KazUPU Habarshysy. Pedagogika gylymdary seriyasy – 2018. – № 1(57). – B.244-249.
[15] Aplashova A.Zh., Autalipova U.I., Demidenko R.N. Emociyaly kazhu sindromy psihologtyn is-areketine bajlanysty faktor retinde //Abaj atyndagy KazUPU Habarshysy. Pedagogika gylymdary seriyasy – 2017. – № 4(33). – B.229-248.

Проблема экзистенциализма человека в повести О.Бокея «Атау кере»

А.Д.Болкенбаева¹, З.Ертисова²

¹Қарағандинский университет имени Е.А.Букетова (Қарағанда, Қазақстан)

²Школа-гимназия им.Ж.Ақылбаева (Қарағандинская область, Қазақстан)

Аннотация

В статье поднимается проблема экзистенциализма, не утратившего актуальности в современном обществе. Обсуждаются научные мнения многих ученых на основе исследований, анализируется психологическое описание экзистенциализма и его основные концепции. Объясняя взаимосвязь науки и экзистенциализма, авторы дополняют концепцию экзистенциалистов: «С научной точки зрения невозможно сосредоточиться на природе человека», анализируя действия персонажей повести казахского писателя О.Бокея «Атау Кере». Хотя нельзя научно изучить природу человека-экзистенциалиста, авторы в статье сгруппировали действия персонажей, показывая последовательность психологического мышления образов. Они подчеркнули, что тот факт, что образы живут в своих собственных мирах, охватывая общество, но не принимая его, представляет собой сложный психологический процесс. Они попытались найти решение этой проблемы, проанализировав действия персонажей. Это научная основа статьи. Экзистенциализм рассматривает два типа человеческой жизни: ложную и истинную. Первый – это повседневная жизнь человека, а второй - это отделение от социальных отношений и прислушивание к внутренней природе, независимой от кого бы то ни было. Авторы пытаются доказать, что решение этой проблемы – в духовном богатстве.

Ключевые слова: экзистенциализм; человек; одиночество; общество; психология.

The existential problem of the person in the story by O.Bokey “Atau-kere”

A.Bolkenbaeva¹, Z.Ertisova²

¹E.A.Buketov Karaganda University (Karaganda region, Kazakhstan)

²The Zh.Akylbayev school-gymnasium (Karaganda region, Kazakhstan)

Abstract

The scientific article deals with the problem of Existentialism, which has not lost its relevance in modern society. The scientific opinions of many scientists underlying the research were discussed, the psychological characteristics of Existentialism and its basic concepts were analyzed. Revealing the relationship between science and Existentialism, existentialists supplemented the reasoning: “from a scientific point of view, it is impossible to be silent about the existence of man” with an argument, analyzing the actions of the heroes of O.Bokey’s story “Atau- Kere”. Although the existentialist did not investigate human existence from a scientific point of view, the existentialist in the work scientifically grouped the actions of the characters, demonstrating the psychological sequence of thinking. He noted that the existence of images in one’s own world is a complex psychological process. We tried to find ways to solve this problem by analyzing the actions of the heroes. That’s the scientific basis of the article. Existentialism considers two types of human life: false and true. The first is the daily life of a person, and the next is his life, detached from social relations and independent of anyone, listening to his inner nature. The author in his article tried to prove that the way to solve this problem lies in spiritual wealth.

Keywords: existentialism; human; loneliness; society; psychology.

Редакцияға қабылданған: 20.05.2021.